



«Алтын Самұрық» бөбекжай - балабақшасы
**Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша
нұсқау өткізу**

Меңгеруші: Мырсейтова Э.С.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша нұсқау өткізу

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау – мектепке дейінгі ұйым қызметіндегі ең маңызды талаптардың бірі. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету – барлығымыздың ортақ міндетіміз.

Осыған байланысты балабақшада еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар жүйелі түрде өткізіліп отырады. Нұсқау барысында қызметкерлерге жұмыс орнындағы қауіпсіздік талаптары, өрт қауіпсіздігі ережелері, санитарлық-гигиеналық нормалар және төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер түсіндіріледі.

Әрбір қызметкер өз жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы тиіс. Балалармен жұмыс барысында олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу, жабдықтар мен құралдарды дұрыс пайдалану басты назарда болуы қажет.

Сондай-ақ серуен, спорттық ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау міндетті. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, бақылаусыз жағдайға жол берілмеуі керек.

Өрт қауіпсіздігі бойынша эвакуация жоспары, алғашқы өрт сөндіру құралдарының орналасуы және оларды пайдалану тәртібі барлық қызметкерлерге таныстырылған. Төтенше жағдай туындаған кезде әр қызметкердің нақты әрекет ету алгоритмін білуі маңызды.

Қорытындылай келе, еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздерін сақтау – әрбір қызметкердің тікелей жауапкершілігі болып табылады. Бұл талаптарды

орындау балабақшадағы қауіпсіз және тиімді жұмыс ортасын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері бойынша нұсқауды өткізілген деп есептеуді ұсынамын.